

Құттықтау



2025 жылдың 17 қараша күні ардақты әке, сенімді дос, қамқор аға, абзал азамат **Өміртай Біләлұлы МАМЕТҚҰЛОВ** 74 жасқа толады. Осы мерейлі жасымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бұл мерейлі белес – өмір бойы адал еңбектің, адамгершіліктің және парасаттылықтың жемісі. Бүгінде Өміртай Біләлұлы – бауырлары мен қарындастарының арқа сүйер ағасы, немерелерінің сүйікті ағасы, әулеттің мақтанышы, ақыл мен өнегенің көзі болып отыр. Ақтоғай өміріне танымал азаматтар әкесі Біләл мен Бану ананың салған сара жолын лайықты жалғастырып, әулет дәстүрін, тектіліктің туын биік ұстап отырған азамат. Өмір жолы – ізгілікке, еңбексүйгіштікке, бауырмалдық пен адамгершілікке толы гибратты өмір.

Қадірлі Өміртай аға! Алдағы ғұмырыңыз ұзақ, деніңіз сау, көңіліңіз шат болсын!

Әр күніңіз бен әр сәтіңіз жақсылық пен қуанышқа толы болып, ұрпағыңыздың амандығына, әулетіңіздің берекесіне куә бола беріңіз.

Жетпіс төртке жеттіңіз – зор белеске,

Өмір жолың біздерге мол өнеге.

Әділдік, ар-ұятты берік ұстап

Өмір сүріп келесіз бұл тірлікте.

Білал ата, Бану ана жолын жалғап,

Тектілікті ұстанған өр тұлға нақ.

Әулеттің шамы боп, мерейі боп,

Жарқырай бер, Құдай берген ғұмыр жасап!

Ізгі тілекпен: жұбайы – **Қамаш**, бауырлары – **Зинағұл, Еркін, Жанабек**, балалары – **Эльвира, Жәнібек, Гүлмира** және немерелері – **Нүркен, Сара, Амира, Тимур**.

№432

• ТАҒЫЛЫМ

Татулық тамыры тереңде

«Ырыс алды – ынтымақ» деген аталы сөзді айта білген халқымыз татулық пен достықты қашан да басты орынға қоя білген. **Иә, қазір біз жиі қолданатын «толерантты қоғам» термині қазақ үшін жаңа сөз шығар. Бірақ, оның мән-мағынасы ұлттың санасына ежелден-ақ сіңіп, өмірлік әдетке айналып үлгерді емес пе?**

Тарихқа көз салсақ, көшпенділер өркениетінің үлгі болар өнегесін көп көрміз. Олардың бір парасы бүгінге дейін өшпей сақталып, заманға сай жаңғыра түскен. Солардың бірі – бауырмалдық. Иә, Ұлы даланы мекендеген бабаларымыз адамды нәсіліне немесе діни сеніміне қарай бөліп, алапап көрмейтін. Олар адамды жүрегінің кеңігіне, ниетінің тазалығына қарай бағалаған екен. Бабаларымыз ауылына келген әр жолатаушының ұлтына, дініне қарамастан, қонақ қылып, төріне шығарған. Ұлы дала заңы бойынша, өзге жерден келген адам жау емес, ол – құрметті мейман. Бұл ұстаным – біздің ұлттық қолымыздың ажырамас бөлігі.

Боламысқа біткен екінші қасиет: обал мен сауаптың паркын білу. Ұлкендеріміз «біреудің хақын жеме, ала жіпті аттама, жетім мен жесірді жылатпа, обал болады» дегенді жиі айтып отыратын. Мұнысы әділетсіздік қылма, қашан да адами бет-бейнелді сақтап қал дегені ғой. Сонымен қатар, «Жетім көрсең жебей жүр», мүсепірге қолыңның ұшын соза кет, сауап болады» дегенді де жиі айтпады. Осы екі сөз тұтас ұлттың болмысын аңғартып тұрғандай. Кешегі XX ғасырдың зобалаң жылдарында да қазақ жеріне депортацияланған жүздеген ұлт пен ұлыстың баласының аман қалуының да астарында осы сөздер жатқандай. Өздері де ашаршылық пен қиындықты бастан көшіріп жатқан қазақ халқы сол кезде бөтенді жағсынбай, өз үйін паналятып, барымен бөлісті. Бұл – біздің қоғамның толеранттылық дәстүрінің ең жарқын көріністерінің бірі. Әлеуметтанушы ғалымдар Қазақстандағы осы бір тарихи кезеңді зерттей келе, оның ерекше құбылыс екенін атап көрсетеді.

Иә, қазіргі таңда Қазақстан әлемге ұлтпаралық татулық пен келісімнің ерен үлгісін көрсеткен ел ретінде жақсы таныс. Ал, сол татулық пен келісім бірден қалыптаса салған дүние емес қой. Ол бір ұлттың ғасырлар бойы қалыптасқан салт-дәстүрі, мәдениеті мен тәрбиесі. Тереңнен тамыр алған тәрбие тұтас ұлттың оң келбетін қалыптастыра білді.

Татулықтың туын жоғары ұстау

д

Нұрлыхан ҚАЛҚАМАНҰЛЫ
«Temirtau tyuny» газетінің
бас редакторы

д

2025 жылғы 13 қарашадағы Қарағанды облысының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының ұйғарымына сәйкес «Дорстрой материал LTD» ЖШС (БСН 080640002260), мекенжайы: Қарағанды қаласы, Абай көшесі, 11-ғимарат, 311/1-бөлме, қатысты оналту рәсімі енгізілді.

№433

Қарағанды облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаментінде мемлекеттік қызметшілерінің Ар-намыс кодексінің, «Мемлекеттік қызмет» және «Жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңдарының нормаларын департамент қызметкерлерінің бұзу фактілерін хабарлау үшін 9:00-18:00-ге дейін жұмыс тәртібімен 56-31-35, 56-25-82 сенім телефондары қызмет етеді. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштеріне арналған электрондық мекенжайы link.kar@minfin.gov.kz

д

43-21-55

Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• КЕЛІСІМ

«Толеранттылықтың негізгі элементі дінаралық қатынастар аспектілерінде»

Қазақстанның ерекшеліктерінің бірі, көптеген басқа елдер сияқты, мемлекет тарихи тұрғыда әртүрлі этностардың, мәдениеттердің және діндердің қауымдастығы ретінде қалыптасқандығында. Бүгінгі таңда Қазақстанда тұратын барлық халықтар мен мәдениеттердің мүдделерін ескеру маңызды, себебі елдегі саясат, экономика және әлеуметтік қатынастар саласындағы өзгерістер конфессиялық өзін-өзі танудың артуына әкелді.

Бүгінгі күні мықты мемлекетті сақтау үшін қоғамдағы конфессияаралық қатынастар мәдениетін дамытуға және діни өзара қатынастарды үйлестіруге айрықша назар аудару қажет. Қазақстандық азаматтық қоғамның негізгі мемлекет құрылымының полимәдениеттілігі мен поликонфессиялылығын мойындау, сондай-ақ икемді саясат негізінде достық конфессияаралық қатынастарды қалыптастыру болуы тиіс.

Толеранттылық – әлеуметтік климаттың, тұлғааралық қатынастардың, саясаттың дамуына елеулі әсер ететін феномен, сондықтан оның дамуы ең өзекті міндет болып табылады.

Адам факторының маңыздылығын атап өткен Ю.Шрейдер былай деп жазған: «Бізге төнетін ең қорқынышты апат – бұл ядролық, жылулық немесе басқа да адамзатты (тіпті, бүкіл тіршілікті) физикалық жою нұсқалары емес, антропологиялық апат – адамдағы адамдықтың жойылуы. Ал табиғатты қалай қорғау, соғыс пен апаттардан қалай құтылу керектігін түсінбестен бұрын, ең алдымен, адам болып қалудың маңызын түсіну керек – тек ақылды ғана емес, саналы, яғни ар-ұяты бар адам болу».

Философиялық, психологиялық-педагогикалық және әлеу-

меттік-мәдени зерттеулер негізінде толеранттылықты адамның белсенді моральдық позициясы ретінде түсінуге болады, ол көпмәдениетті қоғамда субъектілердің өзара әрекеттесу процесінде әлемнің көптүрлілігі мен ерекшеліктерін қабылдауға, түсінуге, құрметтеуге дайын болуды білдіреді.

«Дінаралық толеранттылық» ұғымының мәні дайындық, мойындау, қабылдау, түсіну және құрметтеу сияқты категорияларды қарастыруды талап етеді. Бұл категорияларды тереңірек түсіну үшін олардың танымал түсіндірмелеріне назар аударайық.

Дайындық – бұл барлық нәрсеге дайын болған, алдағы істерге дайын болу жағдайы. Әрекетке дайындық – адамның психофизиологиялық жүйелерінің мобилизациялануы, бұл белгілі бір әрекеттерді тиімді орындауды қамтамасыз етеді. Осылайша, қалыптасқан дінаралық толеранттылыққа ие тұлға барлық қажетті әрекеттерді жасауға дайын болады, яғни діни плюрализмді мойындау, қабылдау, түсіну және құрметтеуді қамтамасыз етеді.

Мойындау – бір нәрсені дұрыс бағалау, оған оң көзқарас білдіру; біреуді немесе бір нәрсені қабылдау шешімі. Дінаралық толеранттылық тұрғысынан мойындау – объективті түрде, субъективті тәжірибеден тәу-

елсіз, діни әртүрлілікке оң көзқараспен қарау болып табылады.

Қабылдау – біреумен немесе бір нәрсемен келіскен, оған оң көзқараспен қарау. Біз қабылдауды басқа дүниетаным мен діндердің өкілдеріне оң көзқарас білдіру, келісіммен қарау ретінде түсінеміз.

Түсіну – бір нәрсені мәнін, мағынасын ұғыну, түсіну қабілеті. Қалыптасқан дінаралық толеранттылық, оның субъектісінің діни ағымдардың мағынасын, мазмұнын және маңызын түсінуге деген ықыласын білдіреді.

Құрмет – біреудің қадір-қасиеттерін мойындауға негізделген құрмет. Дінаралық толеранттылық тұрғысынан құрмет – басқа діндер мен наным-сенімдерге қатысты, олардың қадір-қасиеттерін мойындап, құрметтеу болып табылады.

Толеранттылықтың компоненттері

«Дінаралық толеранттылықтың мотивациялық-тұлғалық компоненті»

Адамның іс-әрекетінің моральдық мәні ең алдымен оның мотивациясы мен ниетіне байланысты бағаланады, ал сыртқы көрінісінің өзі басты емес. Мотив – бұл әрекеттің жасалу себебі, оның мақсаты. Адамдар моральдық іс-әрекеттерді сырттай жасаса да, егер ол тек сыртқы мақтау алу үшін жасалса, онда бұл эгоистік әрекет болып табылады.

Мотивациялық-тұлғалық компонент дінаралық қатынастар саласындағы еліміздегі және әлемдегі оқиғаларға қызығушылықты, көпконфессиялы қоғамдағы өзара әрекеттесуін, сондай-ақ поликультуралық қоғам жағдайында дінаралық

толеранттылықтың әлеуметтік құндылығын сезінуді білдіреді.

Мазмұндық компонент: Бұл компонент қажетті білімнің саны мен сапасына негізделеді. Елдегі және әлемдегі діни процестердің тарихы мен қазіргі даму үрдістерін, дінаралық толеранттылықтың мәнін және оның көріністерін, дінаралық өзара әрекеттесу мәдениетін білу қажет.

Әлеуметтік-бихевиоральдық компонент: Бұл компонент адамның іс-әрекеттерімен көрінеді, себебі оның әрекеттері әлеуметтік мағынаға ие және белгілі бір мінез-құлық нормаларымен байланысты. Ол әр адамның діни, атеистік және басқа наным-сенімдерге деген құқықтарын мойындауды, сондай-ақ діни өз таңдауды бойынша еркіндікке ие болу құқығын қабылдауды білдіреді.

Рефлексивті компонент: Бұл компонент адамның өзін-өзі талдау, өзін-өзі бағалау және өзін-өзі түзету әрекеттерінен тұрады.

В.Сухомлинский өзінің тәрбие жұмысына қатысты рефлексияның маңызы туралы былай деп жазған: «Мен көптеген жылдар бойы ойла-нып: тәрбие жұмысының нәтижесі қайдан көрінеді деп сұрадым? Моральдық тұрғыдан менің күш-жігерімнің нәтижесі көрінетін кезде ғана мен өзімнің дұрыс әрекет жасағанымды түсіндім. Және өмір мені солай үйретті: тәрбие жұмысының бірінші және ең маңызды нәтижесі адамның өзі туралы ойлануы, өзін-өзі бағалауы болуы керек».

А.Г. БЛЯЛОВ,
«Қазақстан азаматтары»
ҚБ-нің дінтанушысы

д

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақмыс корпорациясы» ЖШС 2025 жылдың 24 қарашадан бастап «Нұрқаған байыту фабрикаларының тұрмыстық ағындарын бұруға арналған ойнаттар салу» жобасына «Қор-

шаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша жария талқылаулар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізетінін хабарлайды. Ықпал ету аумағы: Қарағанды облысы, Ақтау к.

Учаскелің географиялық координаталары:

№	Солтүстік ендік			Шығыс бойлық		
	град	мин	сек	град	мин	сек
1	50	10	10,2563	73	0	23,8013
2	50	10	9,3977	73	0	29,8850
3	50	10	8,2230	73	0	29,9565
4	50	10	8,1452	73	0	25,4232
5	50	10	10,0685	73	0	22,5185

Жоспарланған қызметтің бастамашысы: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС, БСН 050140000656. Өкілі: А.Қ.Баймұхан, «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС жетекшісі маманы, тел. 8(7121)95 74 01, эл.мекенжайы: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz

Әзірлеуші: «Қазақмыс корпорациясы» ЖШС Бас жобалау институты, БСН 060641009902. Өкілі: А.Б.Сүлейменова, байланыс телефоны: 8 (7172)55 76 72 (ішкі ном.10557), эл.мекенжайы: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz

Жоба материалдары <https://ndbecology.gov.kz> сайтында орналастырылған және ескертулер мен ұсыныстар беру үшін оларды орналастырған күннен бастап

<https://ndbecology.gov.kz> сілтеме бойынша 5 жұмыс күні ішінде қол-жазылады.

Жергілікті атқарушы орган: Қарағанды облысы, Қарағанды к., Лобода көшесі, 20 үй «Қарағанды облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Көзделіп отырған қызмет туралы қосымша ақпаратты, жария талқылаулар жүргізуді, сондай-ақ көзделіп отырған қызметке қатысты құжаттардың көшірмелерін Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz электрондық пошта және 8 (7172)55 76 72 (ішкі ном.10557) телефон нөмірі арқылы сұратуға болады.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Корпорация Казахстан» уведомляет о проведении общественных слушаний в формате публичных обсуждений по разделу «Охрана окружающей среды» к рабочему проекту «Строитель-

Географические координаты участка:

№	Северная широта			Восточная долгота		
	град	мин	сек	град	мин	сек
1	50	10	10,2563	73	0	23,8013
2	50	10	9,3977	73	0	29,8850
3	50	10	8,2230	73	0	29,9565
4	50	10	8,1452	73	0	25,4232
5	50	10	10,0685	73	0	22,5185

Инициатор: ТОО «Корпорация Казахстан», БИН 050140000656.

Представитель: Баймұхан А.Қ., ведущий специалист ТОО «Корпорация Казахстан», контакты: тел. 8 (7212) 957401, эл.адрес: Akzhol.Baimukhan@kazakhmys.kz.

Разработчик: Головной проектный институт ТОО «Корпорация Казахстан», БИН 060641009902. Представитель: Сүлейменова А.Б., контакты: тел. 8 (7172)55 76 72 (вн.10557), эл.адрес: Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz.

Материалы проекта размещены на сайте <https://ndbecology.gov.kz> и будут доступны с даты их размещения для предоставления замечаний и предложений в течение

ство выпребов для отвода бытовых стоков Нурказганской обогатительной фабрики» с 24 ноября 2025 года. Территория воздействия: Карагандинская область, п. Актау.

5 рабочих дней по ссылке <https://ndbecology.gov.kz>. Местный исполнительный орган: Карагандинская область, г. Караганда, ул. Лободы, 20, ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования Карагандинской области», +7 (7212) 56-41-27, pr.resurs@mail.ru

Дополнительную информацию о намечаемой деятельности, проведении публичных обсуждений, а также копии документов, относящихся к намечаемой деятельности можно запросить по эл. адресу Aizhan.Suleimenova@kazakhmys.kz и номеру телефона 8 (7172)55 76 72 (вн.10557).

д



Сурет облыс әкімінің сайтынан

Таза Қазақстан
ЖАЛПЫҰЛТТЫҚ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АКЦИЯ

бақта құстарға арналған арнайы коректендіргіштер орнатты.

– Қыс мезгілінде құстарға да ерекше қамқорлық керек. Ұй маңындағы гүлзарларға қарапайым коректендіргіш орнатуға болады. Оларды өзіңіз де жасай аласыз. Бұл – қысы суық Қарағанды өңірінде қыстап қалатын құстар үшін үлкен көмек, – дейді Қарағанды орман және жануарлар дүниесін қорғау шаруашылығы

ның аңтанушысы Александр Мо-сколенко.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, құстарға жанашырлық таныту – өңірдегі биоалуантүрлілікті сақтаудың маңызды бағытының бірі.

Қала тұрғындары да саябақтар мен гүлзарларға қойылатын коректендіргіштерге жем мен азық салып, толықтырып, осындай игі бастамаға үлес қосса, нұр үстіне нұр болмақ!

Оқырман есіне сала кетейік, күн суытқан кезде оларға күн-бағыс, кендір, асқабақ, қарбыз дөңдерін беруге болады. Қабығы қатты балғамен қатты жаншып берген абзал, әйтпесе олар өздігінен шоқып ұй алмайды. Сарышымшықтарға сүйекте қалған ет қалдықтары мен тұздалмаған еттің майлары да қатты ұнайды, тұздалғанын жесе, өліп қалуы да мүмкін.